



## КЕЗДЕСУ

28.09.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжінің бастауыш бөлімшесінің белсенді жастармен кездесу өтті. Іс-шараға Б.Құтжан қатысып, «Жас Отан» Жастар қанатының жобалары туралы түсіндірді. Шараның қорытындысы бойынша 207 топ студенті Омар Диана бөлімше жетекшісі болып сайланды. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева

27.09.2018 ж. Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты Геннадий Шиповских және Қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының міндетін атқарушы Асхат Ораловтың Жамбыл жастарымен кездесуі өтті. Аталған іс-шараға Жамбыл медициналық колледжінің белсенді жастары қатысты. Шара барысында қонақтар жастармен пікір алмасып, ұсыныстары мен сұрақтарына жауап берді. Жауапты жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева.

02.10. 2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінде «Рухани жаңғыру» мақаласының аясында «Қазақстанның 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, атымтай жомарт ардагер Сембек Сейдазимовпен кездесу өтті. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып жұмыс жасайтын ардагер, өзінің өмір жолымен таныстырып, студенттермен пікір алмасты.

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Мамандығы «Мейіргер ісі» біліктілігі «Жалпы практикағы мейіргер» 302 топ студенті Сүйінбекулы Кәрім 17-18 қыркүйек күні аралығында Ресей Федерациясының «Солнечный свет»

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

педагогикалық порталының ұйымдастырылуымен өткен «Теория и практика сестринского дела» тақырыбындағы халықаралық онлайн-олимпиадасына қатысып, жүлделі 1 орынды иемденді. Олимпиада барысында қатысушыларға «Мейіргер ісі негіздері» пәнінен тест сұрақтар мен мән-жайлық есептерді шешу берілді. Жетекшісі: «Мейіргер ісі негіздері» пәні оқытушысы С.Г.Бибосынова.

Т. С. Алимкулова «Қазақ Елінің Үздік Педагог-Психологы» төсбелгі, «Білім санаты» республикалық журналы редакциясының 2018 жыл 15 маусым №03 шешімі бойынша «Қазақ Елінің Үздік Педагог-Психологы» төсбелгісімен, Тәуелсіз еліміздегі өскелең ұрпақтың өсіп-өркендеуі жолында жас жеткіншектерді отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, жарқын болашағымыздың жолында жасұрпақтың жан дүниесін терең түсініп, олардың бойына ізгіліктің нұрын сеуіп, жақсы азамат болып қалыптасуына ықпал еткен, ел болашағы үшін ерекше маңызды жұмыспен айналысып жүрген, педагог-психологтарға арналған Құрмет грамотасымен марапатталып, педагог-психологы Т.С. Алимкулова «Ойынды өзгертіп, өміріңді өзгерт» тақырыбындағы тренингінің электронды нұсқасы «Білім Санаты» республикалық-ақпараттық электронды журналына жарияланып Сертификатқа ие болды.

Қазақстан халқы тілдер күні мерекесіне орай мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған "Біз - біртұтас Қазақстан халқымыз" атты эссе жазу байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін "Емдеу ісі" бөлімінің 215 топ студенті Д. Асимова ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Н.Ж. Абдраимова.

Қазақстан халқы тілдер күні мерекесіне орай мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған "Біз - біртұтас Қазақстан халқымыз" атты эссе жазу байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін "Емдеу ісі" бөлімінің 215 топ студенті Д. Асимова ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы Н.Ж. Абдраимова.



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ

05.10.2018ж. колледждің мәжіліс залында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауын тікелей эфирде колледж оқытушылары түгел қатысып, тыңдады.

## КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ

«Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК директоры Ж.Н. Сарыбекова ұжымды басқарудағы кәсіби біліктілігі мен жігерлілігі және кәсіпорынның табысты даму стратегиясын іске асырғаны үшін "Жыл көшбасшысы - 2018" ұлттық сертификатымен марапатталды.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЕҢЕС

25.09.2018ж. педагогикалық кеңес өткізілді.  
1. Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.  
2. Қ а б ы л д а у комиссиясының 2018-2019 оқу жылы жұмысының қорытындысы (Жауапты: қабылдау комиссияның хатшысы Андакулова К.Т)  
3. 2018-2019 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту. (Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Л.Т.)  
4. 2018-2019 оқу жылының ІІ жартысындағы білімгерлердің қарыздарын жою туралы есеп. (Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Куанышбекова Л.Т.)  
5. Әр түрлі сұрақтар.

## «БІЛІМ КҮНІ»

01.09.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде «Білім күні» мерекесіне орай «Адам капиталын дамыту факторындағы тәрбие жүйесінің ролі!» тақырыбында салтанатты жиын және тәрбие сағаттары өткізілді.

## КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ

«Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК директоры Ж.Н. Сарыбекова ұжымды басқарудағы кәсіби біліктілігі мен жігерлілігі және кәсіпорынның табысты даму стратегиясын іске асырғаны үшін "Жыл көшбасшысы - 2018" ұлттық сертификатымен марапатталды.

## 5 ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Қазақстан халқы тілдері мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру; халық мәдениетін тіл арқылы насихаттау, ана тілінің адам тіршілігіндегі ролін жеткізу, ана тілді ата бабамыздан қалған құндылық ретінде құрметтеуге үйрету, туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат тәрбиелеу мақсатында азаматтық – патриоттық бағыты бойынша Қазақстан халқы тілдері мерекесі күніне арналған «Тіл- халықтың жаны» атты әдеби кешті №3 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК төрайымы Л.Б. Саурбаева және оқытушылары ұйымдастырып, І, ІІ, ІІІ курс студенттерімен өткізді.

## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ

01.09.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде «Білім күні» мерекесіне орай «Адам капиталын дамыту факторындағы тәрбие жүйесінің ролі!» тақырыбында салтанатты жиын және тәрбие сағаттары өткізілді.

## КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ

«Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК директоры Ж.Н. Сарыбекова ұжымды басқарудағы кәсіби біліктілігі мен жігерлілігі және кәсіпорынның табысты даму стратегиясын іске асырғаны үшін "Жыл көшбасшысы - 2018" ұлттық сертификатымен марапатталды.

## 5 ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Қазақстан халқы тілдері мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру; халық мәдениетін тіл арқылы насихаттау, ана тілінің адам тіршілігіндегі ролін жеткізу, ана тілді ата бабамыздан қалған құндылық ретінде құрметтеуге үйрету, туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат тәрбиелеу мақсатында азаматтық – патриоттық бағыты бойынша Қазақстан халқы тілдері мерекесі күніне арналған «Тіл- халықтың жаны» атты әдеби кешті №3 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК төрайымы Л.Б. Саурбаева және оқытушылары ұйымдастырып, І, ІІ, ІІІ курс студенттерімен өткізді.

## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА КЕЗЕКТІ ЖОЛДАУЫ

01.09.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде «Білім күні» мерекесіне орай «Адам капиталын дамыту факторындағы тәрбие жүйесінің ролі!» тақырыбында салтанатты жиын және тәрбие сағаттары өткізілді.

## КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІГІ

«Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК директоры Ж.Н. Сарыбекова ұжымды басқарудағы кәсіби біліктілігі мен жігерлілігі және кәсіпорынның табысты даму стратегиясын іске асырғаны үшін "Жыл көшбасшысы - 2018" ұлттық сертификатымен марапатталды.

## 5 ҚЫРКҮЙЕК - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ

Қазақстан халқы тілдері мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру; халық мәдениетін тіл арқылы насихаттау, ана тілінің адам тіршілігіндегі ролін жеткізу, ана тілді ата бабамыздан қалған құндылық ретінде құрметтеуге үйрету, туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат тәрбиелеу мақсатында азаматтық – патриоттық бағыты бойынша Қазақстан халқы тілдері мерекесі күніне арналған «Тіл- халықтың жаны» атты әдеби кешті №3 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК төрайымы Л.Б. Саурбаева және оқытушылары ұйымдастырып, І, ІІ, ІІІ курс студенттерімен өткізді.





## ӘДІСТЕМЕЛІК МЕКТЕП. ЖАС ОҚЫТУШЫЛАР МЕКТЕБІНІҢ ОТЫРЫСЫ



06.09.2018ж. «Жас мамандарды кәсіптік бейімдеу» тақырыбында әдістемелік мектеп отырысы өтті. Күн тәртібінде: Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушыларға арналған (танысу) сауалнама.

Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.

1.3 Колледждің нормативтік актілері мен нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. Педагогика қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар.

Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.

1.4. «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазіргі сабақты қалай дайындаймыз?» практикум. Оқытушыға қойылатын талаптар.

А) Күнтізбелік жоспарларды және жұмыс бағдарламасын құрастыру ережесі.

Ә) Сабақ жоспарларын жазу үлгісі. Сабақтың үш бірдей дидактикалық мақсаттылығы.

Жауапты: Иманбекова Ж.Б., Батаева Л.К.

1.2. Жас оқытушылармен, жаңадан келген оқытушылармен танысу және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Жас оқытушының жұмыс орнына кәсіптік бейімделуі.

Жауапты: әдіскер Батаева Л.К.

Отырысты колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді, колледж психологы Мухамодиева Назым Елтайқызы «Психологиялық дайындыққа» тренинг жүргізді.

## ҰСТАЗДАР КҮНІМЕН!



04.10.2018ж. №1 арнайы пәндер циклы әдістемелік комиссиясы төрайымы

А. Қ. Баєтова ың ұйымдастыруымен мұғалімдер күніне байланысты "Ұстаз деген жарық күні ғаламның" атты салтанатты кеш өтті.

Колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды мерекемен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Колледждің кәсіподақ ұйымы ұстаздарға сыйлықтар берді.

## I ҚАЗАН - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ



29.09.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты, I Қазан - Халықаралық қарттар күніне орай «Ардагерлер – арман ерлер» атты жәрмеңкені Жамбыл медициналық колледжінің оқытушылары мен студенттері ұйымдастырды.

Жәрмеңкенің мақсаты студенттердің бойында ақылдың кенін арқалаған қарттарымызды құрметтеуге және қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу болып табылады.



01.10.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжінің бастауыш бөлімшесінің белсенді жастарының ұйымдастыруымен I Қазан –

Қарттар күні мерекесіне орай жәрмеңкеде жиналған қаржыға Е.Ниетқалиев және Төле би көшесінің бойындағы ақ жаулықты апаларға сыйлық ретінде орамал берілді.

Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б. Уркимбаева.



02.10.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжінің бастауыш бөлімшесінің белсенділері №2 Қарттар мен мүгедектер үйінде өткізілген концерттік бағдарламаға қатысты.



№1 жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері ЦӘК төрайымы Тұрысынбаева Р.К басшылығымен I қазан-Қарттар күніне орай "Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария!" атты тақырыпта колледж зейнеткер

оқытушыларымен Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданында орналасқан, VIII-IX ғасырларда салынған "Ақыртас" сарай кешеніне саяхат ұйымдастырылды.

## ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

2018 жылдың 6 қыркүйек күні «№1 Қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК базасында КМҚК «Жамбыл медициналық колледжі» ұжымымен «Дуальды оқыту жүйесі – сапалы білім беру кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.



Бұл ашық іс-шараның мақсаты – дуальды оқыту жүйесінің тиімділігін айтып, «Мейіргер ісі» мамандығы 309 топ студенттерінің 2018-2019 оқу жылындағы мәселелерін қарастыру болды. Колледж тарапынан директорының



оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т. бастауымен, тәжірибелік бөлім әдіскері Бибосынова С.Г., ЦӘК төрайымдары және дуальды оқыту жүйесі бойынша жетекші-оқытушылар

Парманова А.Т., Баєтова Ә.Қ., Ахметова У.М., Ералиев М.Л., Блейменова Б.Б., Сағындықова Б.А., Айдаралиева Ә. Б., Оскенбаева А.Н. қатысты. Әлеуметтік серіктес базасы тарапынан жетекшілер – Садыкова Г.А., Халықова П.Д., Апбасова С.О., Турмахамбетова Г.С., Андабаева А.А., Сапарбаева Н.С., Асақеева А.О., Токтанаева Д.С., Хамбарова Ш.Ж., Акшалов Ж.Ж., Елеуова Г. М. шақыртылды.

Дөңгелек үстел бағдарламасы аясында КМҚК «Жамбыл медициналық колледжі» директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова Құралай Тлеулесқызы «Дуальды оқытудың тиімділігі – еңбек

нарығына дайын жұмысшы маман» тақырыбында баяндама оқып, КМҚК «Жамбыл медициналық колледжі» «Мейіргер ісі» мамандығы бөлімінің меңгерушісі Турғумбекова Салтанат Садуановна

дуальды оқыту жүйесі бойынша білім алатын 209 топтың 2017-2018 оқу жылының қорытынды есебін назарға ұсынды. «№1 Қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК реанимация бөлімінің меңгерушісі Садыкова Гулбану Амиркуловна «Медициналық ұйымдардың кадрлар дайындауға қатысуы» тақырыбында баяндама оқыды.


Кездесу соңында әртүрлі сұрақтар қаралып, екі тараптағы жетекшілер бір-бірімен ой бөлісіп, пән бойынша сұрақтарына жауап алды. Жетекшілерге №1 Қалалық балалар ауруханасы базасында экскурсия жүргізіліп, оқу кабинеттерімен таныстырылды.

## НҰР ОТАН ПАРТИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ «АЛАУ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖИНАЛЫСЫ

07.09.2018 жылы Нұр Отан партиясы Тараз қалалық «Алау» бастауыш партия ұйымының жиналысы Жамбыл медициналық колледжінде өткізілді.



Жиналысты «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы «Алау» бастауыш партия ұйымының төрайымы, Жамбыл медициналық колледжінің директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы жүргізді.



Жиналысқа Тараз Мемлекеттік педагогикалық университетінің «Психология және акмеология» кафедрасының меңгерушісі Сматава Клара Бегалықызы және Жамбыл медициналық колледжінің, «Жасыл ел – Тараз» ЖШС, №5 Қалалық емхананың қызметкерлері қатысты.

Жиналыстың күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. Олар: 1. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалының «Алау» бастауыш партия ұйымының төрайымы Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы «Нұр Отан» партиясының «Бастауыш партия ұйымдарының қызметін жандандыру тұжырымдамасы» жобасын талқылау туралы баяндамасы.

2. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалының XXIV кезектен тыс конференциясына делегат сайлау.

## ЭКСКУРСИЯ



27.09.2018 ж. «Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты Жамбыл медициналық колледжінің бастауыш бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Жастар Отанға!» партиялық жобасы аясында 1 курс

Жасотандықтарға арналған «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығында экскурсия өткізілді.

Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д. Уркимбаева



## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

03.09.2018 жылы колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л. Қуанышбекова, тәрбие ісінің меңгерушісі



Л. Мейрманова, ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усенов, колледж психологтары А. Өскенбаева,

Н. Мұхамодиева және Тараз қаласы ІПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны

Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Қалта ұрлығы» «Бопсалау» «Құқық бұзушылықтың алдын алу» «Интернет ойындары» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 2018-2019 оқу жылында жаңа қабылданған 1 курс 101, 102, 103, 104 топ кураторлары және студенттерімен кездесіп, колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында 100 студент қамтылды.

04.09.2018 жылы колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л. Қуанышбекова, тәрбие ісінің меңгерушісі Л. Мейрманова, ҚБАЖ меңгерушісі



Р. Усенов, колледж психологтары А. Өскенбаева, Н. Мұхамодиева және Тараз қаласы ІПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Қалта ұрлығы» «Бопсалау» «Құқық

бұзушылықтың алдын алу» «Интернет ойындары» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 2018-2019 оқу жылында жаңа қабылданған 1 курс 105, 106, 107, 108 топ кураторлары және студенттерімен кездесіп, колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында 100 студент қамтылды.

05.09.2018 жылы Тараз қаласы, ішкі саясат бөлімі, қалалық жастар ресурстық орталығы КММ-нің



инспекторы Темірханов Нұрым Серікұлы және Бакерамов Ханмырза Бауыржанұлы және Тараз қаласы ІПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Әлеуметтік

желінің қауіп-қатерлері», «Мектептен кейінгі қалыптасу», «Нашақорлық», «Қалта ұрлығы», «Бопсалау», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» «Интернет ойындары» «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 1 курс 109, 110, 111, 112 топ кураторлары және студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 100 студент қамтылды.

07.09.2018 жылы Тараз қаласы ІПБ ЖПҚ Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету



тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Абдрахманов Айдын Жанарович «Жол қауіпсіздігі айлығы», «Абайлаңыз балалар!» жолда жүру ережесі тақырыптарында 1 курс 101, 102, 106 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

13.09.2018 жылы ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен Тараз қаласы, ішкі саясат бөлімі,



қалалық жастар ресурстық орталығы КММ-нің инспекторлары Темірханов Нұрым Серікұлы және Бакерамов Ханмырза Бауыржанұлы және Тараз қаласы ІПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Сейтбеков

Бауыржан Жолдасұлының қатысуымен «Тығырықтан шығар жол жоқ» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Қылмыстың алдын алу», «Қалта ұрлығы», ҚР ӘҚК-нің бірқатар баптарымен 1 курс 106, 107, 111 топ студенттерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 75 студент қамтылды.

2018 жылдың 14,15,16 қыркүйек күндері Жамбыл облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен,



Тараз қалалық ІПБ ЖПҚ КТІЖ инспекторларының қатысуымен жасөспірімдердің түнгі уақытта ойын сауық орындарында жүрмеуін тексеру, жатақханадағы тыныс-тіршіліктерімен танысу мақсатында 3 күндік рейд жүргізілді. Рейдке Тараз

қаласында орналысқан колледж директорларының ТІЖО және колледж директорының ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усенов қатысып, ақпараттық, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында құқық бұзушылықтар орын алған жоқ.

19.09.2018 жылы «Жаңа-Ру» жастар коалициясының қызметкері Қарабаев Нұрсейіт Ғалымжанұлы, теолог маман Амиреев Бахтияр Амантайұлы, дін проблемаларын талдау секторының инспекторы Тұтқабаев Берікбай Ерікұлы «Дін және жастар» тақырыбында 1 курс 102, 107, 110 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 75 студент қамтылды.



Түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 75 студент қамтылды.



Тараз қаласы ІІБ ТБ бастығы полиция подполковнигі Е. Мухатайұлының ұсынысхатын басшылыққа ала отырып, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі

қызметкерлер арасында қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында 25.09.2018 жылы колледж директоры Ж. Сарыбекова колледж ұжымын 18.07.2018 жылы орын алған оқиғамен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, құқық бұзушылыққа бой алдырмауға шақырды.

29.09.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінде ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысын колледж директорының оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Л. Т. Қуанышбекова ашып, тәрбие жұмысының меңгерушісі:



Мейрманова Л.К., құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының

меңгерушісі: Р.Б. Усенов, бөлім меңгерушілер: Ж.Б. Қалымбетова., А.М.Мадибраимова, колледж психологы: А.Н. Өскенбаевалар сөз сөйлеп ата-аналарды колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып, балаларының құқық бұзушылық жасамауына бағытталған ақпараттық, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ

Жоспарлы түрде қыркүйектің 27 күні Жамбыл ауданы ауылдарын аралап, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді. Іс-шараға кәсіптік бағдар беру маманы Нурғали Н. Мен КМҚК «Жамбыл медициналық колледжі» оқытушылары қатысты. Олар Аса ауылында: «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі», «№1 орта мектебі» және «Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебі», Еңбек ауылында: «Еңбек орта мектебі», Тастөбе ауылында: «Әкім Тарази атындағы тірек мектебі» акт залдарында 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізді. Оқушыларға колледж тарихы, жетістіктері, мамандықтары, ерекшелігі, маңызы жайлы ақпарат берілді. Колледж жайлы кысқаша бейнеролик көрсетілді. Аймақтық симуляциялық орталықтың тренер-оқытушысы Ержанов Бауыржан Тиыштықбайұлы мамандыққа қызығушылығын арттыру мақсатында «жүрек-өкпе реанимациясын», оқытушы Оңғарбаева Айнұр Сағындыққызы «Естен тану» тақырыбында тәжірибелік дағдыларды көрсетті. Іс шараның мақсат міндеттері: оқушыларға болашақ мамандық және кәсіби бағдарын таңдауға көмектесу, медицина мамандық және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру. Оқушылар медицина мамандарының жұмысы қаншалықты қызықты әрі жауапты екенін сезініп, қызығушылықтарын танытты. Соңында оқушыларға колледждегі мамандықтар туралы қағаздар таратылды. Жалпы аудан бойынша кәсіби бағдар беру жұмысына 5 орта мектептен 9-11 сыныптан 254 оқушы қатысты.

